

		Ереже	
		<i>Директорлар кеңесі туралы ереже «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ</i>	
PO-01	02 редакция	2019 жылғы 28 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	Негізгі бет

Акционерлердің кезектен тыс жалпы
жиналысының шешімімен
Бекітілді
2018 жылғы 28 желтоқсандағы хаттама

Директорлар кеңесі туралы ереже «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ

Ішкі нормативтік құжатқа өзгерістер мен толықтыруларды, ревизияларды тіркеу кестесі:

	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Күні	Хаттама №	Ревизия
1.	КТАЖ жиналысының хаттамасы	27.09.2019 ж.	н/з	01
2.				
3.				
4.				
5.				

1-тарау. Жалпы ережелер

§ 1. Мақсаты

1. «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-тың Директорлар кеңесі туралы осы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-тың (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және басқа ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және Қоғамның Директорлар кеңесінің мақсаттарын және міндеттерін, құзіретін, оны қалыптастыру тәртібін, Директорлар кеңесінің құрамын, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, Қоғам Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыруды және оның Қоғамның басқа ұйымдарымен өзара әрекеттерін, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу талаптарын, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне өтемақылар төлеу тәртібін белгілейді.

§ 2. Қолдану саласы

2. Ереже акционерлер, Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері, корпоративтік хатшы, Қоғам Директорлар кеңесінің хатшысы, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарын шақыру, әзірлеу және жүргізу барысында әрекет ететін басқа қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

§ 3. Жауапкершілік орталықтары

3. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарын шақыру, әзірлеу және жүргізу тәртібін сақтау жауапкершілігі корпоративтік хатшыға, Директорлар кеңесінің төрағасына және мүшелеріне, Қоғамның Басқармасына, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысына жүктеледі.

4. Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің акционерлермен, Басқармамен және Қоғам Басқармасының Төрағасымен, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен және қызметкерлерімен Қоғам Директорлар кеңесімен тиімді қызметті қамтамасыз ету мақсатында олардың үйлестірілген және оперативті жұмысын қамтамасыз етеді.

2-тарау. Негізгі ережелер

§ 1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мақсаттары, қағидаттары және міндеттері

7. Қоғамның Директорлар кеңесінің мақсаттары – Қоғамның қызметіне жалпы басшылық, Қоғам акционерлерінің мүдделерін іске асыру және олардың құқықтарын қорғау, Қоғам қызметінің қағидаттары мен нормаларын белгілеу, сондай-ақ өзінің құзіреті аясында Қоғам Басқармасының қызметіне бақылау жасау.

8. Қызметтегі мақсаттарын жүзеге асыру үшін Қоғамның Директорлар кеңесі мына қағидаттарды басшылыққа алады:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқару және Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделерін барынша анықтайтын тәсілдерді пайдалану;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны Қоғам Жарғысына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, Қоғамның бухгалтерлік есебі және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттарды ашуды және ұсынуды бақылау;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтау, оның ішінде Қоғамдағы жұмысы тоқтаған сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде;

PO-01	02 редакция	2019 жылғы 28 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	3 20
-------	-------------	-------------------------------------------------------	------

6) Қоғамның қызметі туралы шынайы және толық ақпараттарға сүйене отырып, мәселерді алқалы және салмақты негізде талқылай отырып, шешімдер қабылдау;

7) Қоғамның акционерлерінің Қоғамды басқаруға қатысуында олардың заңды мүдделерін және құқықтарын, акционерлердің дивидендтерін және Қоғам туралы ақпараттар алуын шектеуге жол бермеу;

8) Қоғам акционерлерінің мүдделеріндегі балансқа қол жеткізуді қамтамасыз ету және Қоғамның барлық акционерлерінің мүдделеріндегі барынша объективті шешімдерді қабылдау;

9) клиенттердің (сақтанушылардың/ сақтандырылушылардың/ пайда алушылардың) құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

10) Қоғамның Жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында мазмұндалған басқа қағидаттар.

9. Қоғамның Директорлар кеңесінің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1) Қоғамның нарықтық ахуалын, қаржылық-жай-күйін және Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне әсер ететін басқа факторларды есепке ала отырып, бекітілген басымдылық бағыттарын ұстануды объективті бағалау;

2) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, сондай-ақ ондай процестердің тиімділігін және жетілдірілуін талдау саласындағы Қоғамның ішкі қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;

3) корпоративтік қақтығыстарды шешу.

10. Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына жатқызылған және (немесе) Қоғамның Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

§ 2. Қоғам Директорлар кеңесінің құзіреті

11. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) Қоғамның Жарғысында басқалай белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

2) жарияланған акцияларды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау, оның ішінде, Қоғамның жарияланған акцияларының саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы, аталған мәселе Қоғамның Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешімді қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Қоғам Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық қызметақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

7) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу талаптары және оның мөлшеріне қатысты ұсынымдар беру;

8) Қоғамның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Қоғамның ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

9) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық қызметақы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

10) комплаенс бақылаушыны лауазымға тағайындау және босату;

PO-01	02 редакция	2019 жылғы 28 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	4 20
-------	-------------	-------------------------------------------------------	------

11) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің құзіретіне жатқызылған Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту, бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттар қосылмайды;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының 10 (он) және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) 10 (он) және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

18) жасасу туралы шешім және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының талаптарына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және оларды жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

19) аудиторлық ұйым, ішкі аудит қызметінің немесе актуарийдің аудиторлық есебінің негізінде белгіленген, Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен төлемге қабілеттілігі бойынша Қазақстан Республикасының заңнама талаптарының бұзылуымен байланысты мәселелерді қарастыру;

20) Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің қалыптасуын бақылауды қамтамасыз ету, оның ішінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, Қоғамның тиісті ішкі нормативтік құжаттарын бекіту арқылы;

21) Қоғамда акционерлер мен Қоғамның органдары, лауазымды тұлғалар мен Қоғамның акционерлері арасында туындайтын корпоративтік қақтығыстарды анықтау және реттеу жүйесін Қоғамның тиісті ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құруды қамтамасыз ету;

22) Қоғам акционерлерімен тұрақты диалог жүргізуді қамтамасыз ету;

23) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін және басқа органдарын құру, олардың сандық және персоналдық құрамын және олардың өкілеттілік шегін анықтау, олардың құзіреттерін бекіту;

25) Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;

26) Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдау;

27) жиынтық лимитті және «stop-loss» лимиттерін белгілеу ережелерін анықтау;

28) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау, Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

29) Қоғамның бизнес жоспарын, күрделі салым жоспарын және Қоғамның белгіленген бір кезеңге бюджетін бекіту;

30) Қоғамның ұйымдық-қызметтік құрылымын бекіту;

31) Қоғамның ол туралы ақпарат Қоғам акционерлерінің және инвесторларының назарына жетуі тиіс, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдер бойынша мәселелердің тізбесін белгілейтін ішкі нормативтік құжатын бекіту;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған және (немесе) Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер.

PO-01	02 редакция	2019 жылғы 28 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	5 20
-------	-------------	-------------------------------------------------------	------

§ 3. Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы құзіреттері және міндеттері

12. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың барабар жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және ұйым қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы өз міндеттерін орындауы үшін жағдай жасайды, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің функционалдық және ұйымдық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

13. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қатысы бар уәкілетті орган реттеген Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бекітеді.

14. Қазақстан Республикасының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарын жүзеге асыру мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі түрлі мәселелер бойынша бір және (немесе) бірнеше алқалы органдар құру туралы шешім қабылдайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерді құру кезінде мүдделер қақтығысын болдырмайды.

15. Қоғамның Директорлар кеңесі Андеррайтинг кеңесінің және активтер мен пассивтерді басқару кеңесінің, сондай-ақ Қоғамның Басқармасының жұмысын жұмыстардың қорытындылары туралы олардың жыл сайынғы есептерінің негізінде бағалайды.

16. Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылауды жүзеге асыру саласындағы негізгі міндеттемелері:

16.1. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін тиімді ұйымдастыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы қолданыстағы заңнамасы аясында әзірленген Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатын және басқа ішкі нормативтік құжаттарын бекітеді;

2) корпоративтік басқару бөлігінде:

Қоғамның алқалы органдарының, ішкі аудит қызметінің, Басқарманың және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;

Қоғамның басшы қызметкерлерінің функционалдық міндеттемелерінде мүдделер қақтығысының болжалдылығын төмендету шараларын қабылдайды;

Қоғамның аффилийрленген тұлғаларының тізбесін ай сайын бекітеді;

Қоғамның аффилийрленген тұлғаларына жеңілдік талаптарын ұсыну фактісін тексереді;

Қоғамның Директорлар кеңесінің құзіретіне жатқызылған басқа мәселелер;

3) стратегиялық мақсаттарға түзетулер енгізу мақсатында мыналарды қарастырады: тәуекелдерді басқару бөлімшесі немесе Қоғамның міндетіне аталған талдауды жүргізу кіретін басқа құрылымдық бөлімшесі жүргізген, меншікті капиталдағы Қоғамның ағымдағы (келешектегі) тұтынымдарын талдау;

Қоғамның ішкі (сыртқы) аудиторларының олар жүргізген тексерулердің қорытындылары бойынша анықталған сәйкессіздіктер, сондай-ақ олардың ұсынымдары көрсетілген есептері;

Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңестің (инвестициялық қызмет үшін жауапты бөлімшенің) Қоғамның активтерін (қаржы құралдарын түрлері бойынша топтау және баланстық, нарықтық құнын, кірістілігін, сатып алу және сату сомаларын көрсету) инвестициялау бойынша жүргізілген операциялардың (мәмілелелердің) нәтижелері бойынша есебі;

4) тәуекелдерді басқару бөлігінде:

Қоғамның қызметіне құрылған алқалы органдар, ішкі аудит қызметі және Қоғамның құрылымдық бөлімшелері арқылы Қоғамның корпоративтік стратегиясына, саясаттарына, рәсімдеріне және басқа ішкі нормативтік құжаттарына кереғар келмейтін операцияларды жасау мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ оларды түзету мақсатында тұрақты мониторинг жүргізеді;

Қоғамның тәуекелдерді басқару бөлімшелерінің, ішкі аудит қызметінің міндеттерінің ұйымдастырушылық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;

уәкілетті органның шараларын, оның ішінде жетімсіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылайды;

уәкілетті органдардың талаптарын орындамаған жағдайда, анықталған кемшіліктерді уақтылы түзетпеген жағдайда, Қоғамның жауапты қызметкерлеріне тиісті шаралар қолдану және орындау (түзетпеу) себептерін анықтау;

қабылданатын тәуекелдерді лимиттеу және мәмілелерге (операцияларға) шектеулерді белгілеу.

16.2. Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету, ішкі аудит қызметінің функционалдық және ұйымдастырушылық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі:

- 1) Қоғамның ішкі аудит саясатын бекітеді;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережені бекітеді;
- 3) Қоғамның ішкі аудитінің жылдық жоспарын бекітеді;
- 4) Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындайды;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау үшін ұсынымдар береді;

б) ішкі аудит қызметі бастығының ССП картасын орындау нәтижелері бойынша ішкі аудит қызметін бағалайды.

16.3. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін тиімді ұйымдастыру мақсатында мына ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді:

- 1) Қоғамның корпоративтік стратегиясын;
- 2) Қоғамның ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы ережені;
- 3) Қоғамның басшы қызметкерлерінің еңбекақысы, оларға ақшалай сыйақыларды есептеу, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа түрлері жөніндегі ішкі саясатты;
- 4) Қоғамның есептік саясатын;
- 5) Қоғамның басқарушылық есептілігін ұсыну мерзімдері мен нысандары туралы ережені.

16.4. Андеррайтинг тәуекелдерін тиімді басқару мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі:

- 1) Қоғамның андеррайтинг жөніндегі саясатын бекітеді;
- 2) олар бойынша міндеттемелер сомасы (сақтандыру сомасы) не сақтандыру төлемінің мөлшері Қоғамның сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде, активтердің сомасының жиырма бес процентінен артық кейбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасу не сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі шешімді Қоғамның сюрвейерінің (болған кезде) және андеррайтерінің (андеррайтинг жөніндегі бөлімшенің), актуарийінің, тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесінің қорытындысы негізінде қабылдайды;

3) жылына бір реттен кем емес олар бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасу туралы шешім сақтандыру делдалы, андеррайтинг (андеррайтинг бөлімшесі), Қоғамның Басқармасы, Андеррайтинг кеңесі, Директорлар кеңесі арқылы қабылданатын сақтандыру кластары (түрлері) қиылымында кейбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша жауапкершілік лимиттерін (сақтандыру сомаларын) белгілейді және қайта қарастырады;

4) сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру ережесін бекітеді.

16.5. Қайта сақтандыру тәуекелдерін тиімді басқару мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі мыналарды бекітеді:

- 1) Қоғамның қайта сақтандыру жөніндегі саясатын;
- 2) олар бойынша Қоғамның Басқармасы, Андеррайтинг кеңесі, Директорлар кеңесі арқылы қабылданатын шығыс қайта сақтандыру шарттарының (оларға сәйкес Қоғам сақтандыру тәуекелдерінің бір бөлігін қайта сақтандыруға беретін қайта сақтандыру шарты) лимиттері (түрлері).

16.6. Сақтандыру төлемдерінің тәуекелдерін басқару аясында Қоғамның Директорлар кеңесі олар бойынша шешім қабылдау Қоғамның Директорлар кеңесінің, Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңестің, Басқарманың, төлемдер жөніндегі бөлімшенің, сондай-ақ филиалдардың құзіретіне жататын сақтандыру төлемдері бойынша лимиттерді бекітеді.

16.7. Сақтандыру резервтерінің жетімсіздігі тәуекелдерін тиімді басқару мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі төмендегілерді бекітеді:

1) Қоғамның сақтандыру резервтерін қалыптастыру саясатын;

2) сақтандыру резервтерін есептеу үшін қажетті статистикалық деректерді жинау, өңдеу және талдау жөніндегі ішкі рәсімдерді.

16.8. Инвестициялық тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі:

1) Қоғамның инвестициялық саясатын бекітеді;

2) сақтандыру резервтерін өтейтін активтерді дербес орналастыру не активтерді ішінара не толықтай инвестициялық қоржынды басқару қызметін жүзеге асырушы ұйымның (бұдан әрі – инвестициялық қоржынды басқарушы) басқаруына тапсыру туралы шешім қабылдайды.

16.9. Операциялық, ілеспе тәуекелдерді басқару мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі:

1) Қоғамның операциялық, ілеспе тәуекелдерін басқару жөніндегі саясатын бекітеді;

2) Қоғамның операциялық және ілеспе тәуекелдерін тиімді анықтауды, өлшеуді, мониторингілеуді және бақылауды қамтамасыз етеді;

3) төтенше жағдайлар ахуалы және Қоғамның үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз ету жоспарын және оған өзгерістерді бекітеді.

16.10. Комплаенс тәуекелді тиімді басқару мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі:

1) Қоғамдағы комплаенс тәуекелдерді басқаруға жалпы бақылау жасайды;

2) Қоғамның комплаенс тәуекелін басқару жөніндегі саясатты бекітеді;

3) комплаенс тәуекелді басқаруды ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапты комплаенс бақылаушыны лауазымға тағайындайды;

4) жылына бір реттен кем емес Қоғамдағы комплаенс тәуекелді басқарудың тиімділігін бағалайды;

5) комплаенс тәуекелдерді басқару мәселелерін тиімді және оперативті шешуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, комплаенс тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты жүзеге асыруға бақылау жасайды.

17. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше ұсынған, мына бағытар бойынша басқару жүйесінің бағамынан және талдауынан тұратын тоқсан сайынғы есепті қарастырады:

1) тәуекелдерді басқарудың ағымдағы жай-күйі (тәуекелдерді азайту және оларды жою жөнінде жүргізілген жұмыстар);

2) анықталған тәуекелдер және аталған тәуекелдерді минималдау жөніндегі іс-шаралар жоспары, сондай-ақ оларды азайту немесе олардың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері;

3) Қоғамның ағымдағы қызметін жүргізу барысында туындауы мүмкін тәуекелдер және оларды төмендету не олардың алдын алу жолдары;

4) Қоғамның корпоративтік стратегиясын іске асырудың ағымдағы кезеңінде туындауы мүмкін тәуекелдерді бақылау және мониторингілеу және оларды минималдау не олардың алдын алу жолдары;

5) тәуекелдерді басқару жүйесінің баламалылығы және тиімділігі;

6) есепті кезең үшін қаржылық көрсеткіштердің қысқаша талдамасы;

7) тәуекелдер картасының бағамы және талдамасы;

8) қолданылатын тестілеу рәсімдерінің және тәуекелдерді бағалау үлгілерінің баламалылығы және тиімділігі.

18. Қоғамның Директорлар кеңесі тоқсан сайын тәуекелдерді басқару бөлімшесі ұсынған төмендегілерді бағалау, өлшеу және талдау нәтижелері туралы есепті қарастырады:

1) қайта сақтандыру бойынша тәуекелдерді қалыптастыратын факторлар (оның ішінде, өңірлік, нарықтық, саяси, экономикалық талаптар);

2) қайта сақтандыру (қайта сақтандырушының) бойынша әрбір контрсеріктестің кредиттік рейтингін мониторингілеу, сондай-ақ кредиттік рейтинг өзгерісінің пруденциалдық нормативтердің есебіне және уәкілетті орган белгілеген нормалар мен лимиттерді сақтаудағы басқа міндеттеріне әсері.

19. Қоғамның Директорлар кеңесі қажеттілігіне қарай, алайда, тоқсанына бір реттен кем емес, төмендегілерден тұратын Қоғамның Басқармасы ұсынған есепті қарастырады:

- 1) жиынтық баланс;
- 2) кірістер мен шығыстар туралы есеп (оның ішінде, өткен жылдардың бұрынғы кезеңімен салыстырғанда және қызметтің жоспарланған көрсеткіштері);
- 3) инвестициялар туралы есептер (қаржы құралдарын олардың баланстық және нарықтық құнын, табыстылығын, сатып алу және сатулардың жалпы сомасын көрсетіп, түрлері бойынша топтастырып);
- 4) активтердің және міндеттемелердің көлемдерін салыстыру туралы есеп;
- 5) тәуекелдер картасының талдауы;
- 6) Қоғамның жеке капиталдағы ағымдағы және болжалды тұтынымдарына қысқаша талдау;
- 7) Директорлар кеңесінің және Қоғамның акционерлерінің талаптары бойынша басқа есептілік.

20. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның жауапты бөлімшесі ұсынған Қоғамның қаржылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштері бірге тіркелген, қаржылық қызметтің ағымдағы нәтижелері туралы есепті тоқсан сайын қарастырады.

21. Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайын тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше ұсынған апаттық тәуекелдер туралы есепті қарастырады.

22. Директорлар кеңесі жыл сайын тәуекелдерді басқару бөлімшесі ұсынған төмендегілер туралы есепті қарастырады:

Қоғамның акционерлерінің және (немесе) бас ұйымының тарапынан қосымша капиталдандырудың қажеттілігі;

Аффилийрленген тұлғалардың қызметінің Қоғам қызметіне әсері және тәуелділігі;

Топқа қатысушының банкротқа ұшырауы (мәжбүрлеп тарату) Қоғамның қаржылық жай-күйіне және төлем қабілеттігіне әсері;

Қоғам активтерінің топтың ішінде шоғырлануы.

23. Директорлар кеңесі жыл сайын тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше ұсынған басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату Қоғамның беделіне, сақтандыру өнімдеріне сұранысқа, сақтандыру қызметтерін іске асыру арналарына әсері туралы есебін қарастырады.

24. Ішкі аудит қызметі операциялық тәуекелдерді, ілеспе тәуекелдерді басқаруды бағалайды және жыл сайын Директорлар кеңесіне операциялық тәуекелдерді, ілеспе тәуекелдерді басқару, оның ішінде Қоғамның қызметті автоматтандыру, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау талаптарының орындалуы туралы есепті ұсынады.

25. Қоғамның Директорлар кеңесі қажеттілігіне қарай тәуекелдерді басқару бөлімшесі ұсынған залалға әкеп соқтыруы және (немесе) Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін немесе заңсыз сипатқа ие кез келген айрықша жағдайлар туралы есепті қарастырады.

26. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленетін басқа есептерді қарастырады және бекітеді.

§ 4. Қоғамның Директорлар кеңесін қалыптастыру

27. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы Акционерлердің жалпы жиналысымен айқындалады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының 30% (отыз процентінен) кем емес тәуелсіз директорларын қоса алғанда, 3 (үш) адамнан кем болмауы және 9 (тоғыз) адамнан артық болмауы тиіс.

28. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны Қоғамның Жарғысында анықталған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болса, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті.

29. Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының өкілеттік мерзімі акционерлердің Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

30. Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына үміткерлерді сайлауы үшін акционерлерге үміткерлер туралы келесідей ақпарат ұсынылады: тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), жасы, білімі, соңғы 3 (үш) жылда жасаған жұмыс орындары және лауазымдары туралы мәліметтер, үміткерлердің біліктілігін, жұмыс өтілін растайтын басқа ақпарат, ұсыну кезіндегі лауазымы туралы мәліметтер және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа ақпарат.

31. Акционерлер оның күн тәртібіне Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген Акционерлердің жалпы жиналысын жүргізу туралы акционерлер хабардар болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның Директорлар кеңесіне үміткерлерді ұсыну туралы ұсыныстарын енгізуі мүмкін.

Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау немесе олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын бұзу мәселелері бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі қалыптастырылуы кезінде Қоғамның Директорлар кеңесіне үміткерлер туралы ұсынысты енгізуі мүмкін.

32. Акционерлер тарапынан Қоғамның Директорлар кеңесіне үміткерлер ұсыну туралы ұсыныстар мынадай жолмен енгізілуі мүмкін:

1) Қоғамның Басқармасы орналасқан жерге пошта байланысы арқылы жөнелту;

2) Басқарманың Төрағасына немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысына осы аталған тұлғалардың бірінің жеке қолын қойдыртып, жеке тапсыру.

Үміткерлерді ұсыну туралы ұсынысты енгізу күні оны Қоғамның алған күнімен (оны пошта арқылы жөнелткенде) немесе осы тармақтың 2)-тармақшасында көрсетілген тұлғаның оған жеке тапсыру кезінде ұсынысты алғаны туралы қолы қойылған күнмен аыңқталады.

33. Қоғамның Директорлар кеңесіне үміткерлер ұсыну туралы ұсыныста (оның ішінде, өзін-өзі ұсыну кезінде) үміткерді ұсынған акционердің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе оның атауы, оған тиесілі акциялардың саны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылатын үміткерлер туралы ақпарат көрсетіледі.

34. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте уәкілетті органмен келісіледі.

Уәкілетті органның келісімінсіз Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі тиісті лауазымды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімнен артық иелене алмайды.

Уәкілетті органның Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін сайлауға уәкілетті органның келісімін беру тәртібі уәкілеті органның нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленеді.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі уәкілетті органға келісімге құжаттар ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган келісуден бас тартқанда не уәкілетті орган Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына келісімді кері шақырып алғанда тоқтатылуы мүмкін.

35. Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесіне үміткерлерді ұсыну туралы келіп түскен ұсыныстарды мынадай мәніне тексеруге міндетті:

1) осы Ереженің 31-тармағында белгіленген, үміткерлерді ұсыну туралы ұсыныстарды беру мерзімін сақтау;

2) ұсыныста көрсетілген үміткерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Кодексында және осы Ережеде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін;

3) акционердің (акционерлердің) ұсынысының Қоғамның Жарғысының және осы Ереженің талаптарына сәйкестігін;

4) ұсыныста тәуелсіз директор ретінде көрсетілген үміткердің тәуелсіздігінің болуын.

36. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады. Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір үміткер дауысқа түсетін жағдайларды қоспағанда, әрбір акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір үміткерге дауысын толық беруге немесе оларды Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткерлер арасында бөлуге құқылы.

37. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған болып барынша ең көп дауыс жинаған үміткерлер саналады. Егер Қоғамның Директорлар кеңесіне мүшелігіне үміткер бір немесе

бірнеше тұлға бірей дауыс жинаған болса, ол үміткерлерге қатысты акционерлерге бірдей дауыс санын жинаған үміткерлерді көрсетіп, кумулятивті дауыс беру бюллетеньдерін ұсыну арқылы қосымша кумулятивті дауыс беру жүргізіледі. Егер дауыс беру нәтижелері бойынша осы Ереженің 58-тармағындағы талаптардың сақталмағаны белгілі болған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлер (немесе олардың өкілдері) арасында Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері бойынша қайтадан дауыс беру тағайындалады. Егер 3 (үш) рет қайталап дауыс беру нәтижелері бойынша белгіленген талаптарды ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесін қалыптастыру мүмкін болмаса, онда Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы мәселе Акционерлердің кезекті жиналысының күн тәртібіне енгізіледі, бұл ретте үміткерлерді ұсыну рәсімдері осы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

38. Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшелерге Қоғамның ішінде қолданылатын Директорлар кеңесінің және Қоғамның басқа органдарының қызмет ету ережесін, Қоғамның ұйымдық-функционалдық құрылымын түсіндіреді, Қоғамның ішкі нормативтік ережелерімен, Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерімен таныстырады, олардың өзі міндеттерін тиісінше орындау үшін мәні бар басқа ақпаратты ұсынады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғаммен қатынасы мазмұны осы Ережеге сәйкес келетін, Қоғамның Басқарма Төрағасы бекіткен нысандағы азаматтық-құқықтық шарттармен реттеледі.

Директорлар кеңесі мүшелерімен шарттарға оған Акционерлердің жалпы жиналысында уәкілеттілік берілген тұлға Қоғамның атынан қол қояды.

§ 5. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесіне қойылатын талаптар

39. Қоғамның Директорлар кеңесіне үміткерлердің жақсы кәсіби және жеке беделі болуы, Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысына өзінің үлесін қосу мүмкіндігі және жалпы мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмыс жасауға ынтасы болуы тиіс.

40. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес жүктелген функцияларды орындауды басқа тұлғаларға табыстауға құқылы емес.

41. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

1) акционер – жеке тұлғалардың;

2) Қоғамның Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар;

3) Қоғамның акционерлері болып табылмайтын және Қоғамның Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалар.

Қоғам Басқармасының Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген комитеттерінің бірінің төрағасы ретінде сайлана алмайды.

42. Мына тұлғалар да Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) жоғарғы білімі жоқ;

2) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында жұмыс өтілі жоқ және (немесе) қаржы қызметтерін және (немесе) қаржылық ұйымдарға аудит жүргізу қызметтерін ұсыну және (немесе) реттеу саласында еңбек өтілі жоқ тұлғалар. Қоғамның қауіпсіздік, әкімшілік-шаруашылық мәселелеріне ғана жетекшілік ететін, Қоғамның Директорлар кеңесінің лауазымына үміткерлер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жұмыс өтілінің болуы талап етілмейді;

3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

4) бұрын уәкілетті орган банкті төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызу, сақтандыру (қайта сақтандыру) компаниясын консервациялау не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, оның таратылуына және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруын тоқтатуына әкеп соқтырған, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы уәкілетті орган шешім қабылдағанға

дейін не соттың қаржы ұйымын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан артық кезеңде қаржы ұйымының, ірі қатысушы – жеке тұлғаның басшысы, басқару органының мүшесі, атқарушы органының мүшесі, бас бухгалтері болып табылған, ірі қатысушы (сақтандыру холдингінің) – қаржы ұйымының заңды тұлғасының басшысы болып табылған. Аталған талап Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде қолданылады;

5) одан уәкілетті орган басшы қызметкердің лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді кері қайтарып алған. Аталған талап басшы қызметкерді лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді кері қайтару туралы шешімді уәкілетті орган қабылдағаннан кейінгі соңғы он екі ай ішінде қолданылады.

42. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз мөлшерде қайта сайлануы мүмкін, егер басқалай Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қоғамның Жарғысында қарастырылмаған болса.

43. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның түгел дерлік Директорлар кеңесінің, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесінің кейбір мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Ондай мүшенің өкілеттігі Акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау жалпы жиналыста ұсынылған акционерлердің кумулятивті дауыс беруімен жүзеге асырылады, бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесінің тұтас алғандағы өкілеттік мерзімі аяқталған уақытта бір мерзімде аяқталады.

44. Оның бастамасы бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің ондай мүшесінің өкілеттігі егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын бұзу датасы көрсетілмеген болса, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

§ 6. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы

45. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

46. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып мінсіз іскерлік беделі және басшы лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар, адалдық, табандылық сияқты мінезі бар, Қоғамның акционерлерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің сөзсіз сеніміне ие тұлға сайланады.

47. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының өкілеттік мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімімен белгіленеді, бірақ, Акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімінен артық болмайды.

48. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы кез келген уақытта қайта сайлануы мүмкін.

49. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және кодексінде белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын жүргізеді;
- 4) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;
- 5) Қоғамның атынан Қоғамның Басқармасының төрағасымен еңбек шартын жасасады;
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларына қол қояды;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған басқа функцияларды атқарады.

50. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

PO-01	02 редакция	2019 жылғы 28 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	12 20
-------	-------------	-------------------------------------------------------	-------

51. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыруды және оның басқа органдармен және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен өзара әрекетін қамтамасыз етеді.

52. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Басқарма арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне аталған мәселелер бойынша өздерінің пікірлерін еркін білдіруін ынталандыру және оларды ашық талқылау үшін қажетті ақпараттың уақтылы ұсынылуы үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды, қарастырылатын мәселелер бойынша шешімдердің жобаларын қалыптастыру кезінде өзі бастама алады.

§ 7. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

53. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) өздерінің міндеттерін орындау үшін Қоғамның лауазымды тұлғаларынан және қызметкерлерінен кез келген ақпаратты (құжаттар мен материалдарды) талап етуге құқылы. Коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпараттарды алу Қоғам Басқармасының төрағасымен келісім арқылы бойынша ғана мүмкін;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің және басқа органдарының отырыстарының хаттамаларымен танысуға және олардың көшірмелерін алуға;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге, Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

4) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәмілелер бойынша, қабылданатын шешімдердің мәні бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

5) өзінің бастамасы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету арқылы өзінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

6) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы және өтемақыларды төлеу тәртібін реттейтін Қоғамның ішкі нормативтік құжатына сай өтемақы алуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған басқа құқықтарды пайдалануға құқылы.

54. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Кодексында және осы Ережеде мазмұндалған талаптарды, адамгершілік қағидаттарын және іскерлік этикасының ережелерін акционерлердің, сақтанушылардың/сақтандырылушылардың және тұтас Қоғамның үздік мүдделері үшін сақтап, адал, орынды және әділ әрекет етуге;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесіне өзінің міндеттерін орындау кезінде оған белгілі болған, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын басқа ақпаратты жрияламауға, сондай-ақ оларды өзінің мүддесіне немесе үшінші тұлғалардың мүддесіне пайдаланбауға, оның ішінде, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі міндеттерін орындауды тоқтатқан сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде пайдаланбауға міндетті. Қоғамның қауіпсіздік режимімен және Қоғамның құпия ақпараттарының сақталуымен байланысты Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған барлық ережелер мен рәсімдерді сақтауға;

3) Қоғамның жай-күйіне мониторинг жүргізуге және Қоғамның басқа органдарымен және лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланысты қолдауға;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына белсенді қатысуға, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, Қоғамның Басқармасын өзінің болмау себептерін көрсетіп, қатысу мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы алдын ала хабардар етуге;

5) олардың мүшесі болып табылатын Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және жұмысына қатысуға;

6) өзінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне бермеуге;

PO-01	02 редакция	2019 жылғы 28 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	13 20
-------	-------------	-------------------------------------------------------	-------

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Қоғаммен жасалатын еңбек шартында/ азаматтық-құқықтық шартта және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған басқа міндеттері орындауға міндетті.

55. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған мүдделер қақтығысына қатысты талаптарды сақтауы тиіс, оның ішінде:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша нысанда дереу мәмілелердегі, Қоғаммен байланысты шарттардағы, жобалардағы барлық жеке коммерциялық немесе басқа мүдделілігі, оның ішінде Қоғамның немесе оның аффилийрленген ұйымдарының/тұлғаларының бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау ниеттері туралы хабарлауға, сондай-ақ ондай бағалы қағаздармен олар жасасқан мәмілелер туралы ақпаратты ашуға;

2) жеке немесе заңды тұлғалардан жалпыға бірдей қабылданған әдептілік ережелеріне сәйкес қарапайым көңіл бөлу белгісінен немесе ресми іс-шаралар жүргізу кезіндегі сувенирлерден басқа, өзінің лауазымдық жағдайы аясында Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі қабылдаған немесе жасаған шешім немесе әрекет үшін сыйақы болып табылатын немесе ондай болып қарастырылуы мүмкін сыйлықтар, қызметтер немесе қандай да бір басымдылықтар алмауға.

56. Қоғамның Директорлар кеңесі:

1) Қоғамның лауазымды тұлғалары және акционерлері деңгейінде мүдделердің ықтимал қақтығыстарын қадағалауы және мүмкіндігінше оларды жоюы тиіс, оның ішінде, Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасауы кезінде қызметтік жағдайын асыра пайдалануды;

2) Қоғамның корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылау жасауы тиіс.

57. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында, еңбек шартында/ азаматтық-құқықтық шартта қарастырылған талаптарына сай ақпараттылық, ашықтық, Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделері негізінде әрекет етуге;

2) Қоғамның барлық акционерлеріне әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз талқылау жүргізуге міндетті.

§ 8. Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар

58. Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысының ережелеріне, Кодексіне сәйкес тәуелсіз директорлар деп танытын Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамынан 30% (отыз проценттен) кем болмауы тиіс.

59. Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор (бұдан әрі – тәуелсіз директор) болып мына тұлға сайлануы мүмкін:

1) Қоғамның аффилийрленген тұлғасы болып табылмайтын және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 (үш) ішінде болмаған (оның Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайларын қоспағанда);

2) Қоғамның аффилийрленген тұлғаларына қатысты аффилийрленген тұлға болып табылмайды;

3) Қоғамның лауазымды тұлғаларының немесе Қоғамның аффилийрленген тұлғалары – ұйымдарының қарауында емес және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 (үш) ішінде аталған тұлғалардың қарауында болмаған;

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

5) Қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 (үш) ішінде ондай тұлға болмаған;

6) Қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс жасайтын аудитор ретінде қатыспайды және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 (үш) ішінде ондай аудитке қатыспаған.

60. Тәуелсіз директор:

PO-01	02 редакция	2019 жылғы 28 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	14 20
-------	-------------	-------------------------------------------------------	-------

2) Қоғамға мақсаттарды, тапсырмалар мен құндылықтарды айқындауда, стратегияны әзірлеуде көмек көрсетеді;

2) Қоғамға корпоративтік басқарудың және ақпараттық ашықтықтың ең үздік стандарттарын енгізуге көмектеседі, Қоғамның Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің жұмысына қатысады;

3) Қоғамның басшылығына корпоративтік басқарудың жалпыға бірдей стандарттарын сақтамауға әкеп соқтыруы мүмкін, оған белгілі теріс салдарлар туралы ақпарат береді;

4) Қоғамның және оның акционерлерінің заңды мүдделерін үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен қорғауға көмектеседі.

61. Өзінің міндеттерін орындау барысында тәуелсіз директор адалдық, әділдік, ашықтық, сындарлылық, кәсібилік, Қоғамның барлық акционерлеріне тең көзқарас қағидаттарын басшылыққа алады.

62. Тәуелсіз директор өзінің кәсіби міндеттерін орындауға жеткілікті назар аударады және ақпаратты және ойластырылған шешімдерді қабылдау үшін уақыт бөледі. Шешімдерді қабылдау кезінде тәуелсіз директор ондай шешімнің Қоғамның және оның акционерлерінің игілігіне еңбек ететініне сенімді болуы тиіс.

63. Тәуелсіз директор егер аталған айқындама Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің, оның төрағасының және Қоғамның Басқармасының көпшілік пікірімен сәйкес келмейтін болса, ол өзінің айқындамасын дәлелді қорғауы тиіс.

64. Тәуелсіз директор Қоғамның Директорлар кеңесімен және Басқармасымен сындарлы диалог құруға ұмтылуы тиіс.

65. Тәуелсіз директор:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық отырыстарына қатысуға және Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша «Ия» немесе «Жок» деп дауыс беруге;

2) оның салдарынан тәуелсіз директор болуды тоқтататын әрекеттерден тартынуға міндетті. Егер жағдайлардың өзгеруі салдарынан тәуелсіз директор ондай болуын тоқтатса, ол туралы ол Қоғамның Директорлар кеңесіне 2 (екі) күн ішінде жазбаша хабарлауы тиіс. Бұл жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі ол туралы акционерлерге хабарлайды және қажет болған жағдайда, акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыруға міндетті.

66. Қақтығысты ахуалдар туындаған жағдайда, тәуелсіз директор заңдылық, әділдік және Қоғамның барлық акционерлеріне теңдей қатынастар қағидаттарына негізделген объективті және күн ілгері кешіп-пісілмеген позицияны ұстанады. Мүмкіндігіне қарай тәуелсіз директор мұндай ахуалдардың тезірек шешілуіне ұмтылады.

67. Қоғам акционерлерінің сұранысы бойынша тәуелсіз директор Қоғамның Директорлар кеңесінде қарастырылған шешімдер бойынша өзінің дауысы және өзінің дауыс беру уәждемелері туралы ақпарат береді.

68. Тәуелсіз директордың үшінші тараптармен, оның ішінде, Қоғамның аффилийрленген тұлғаларымен және олармен аффилийрленген тұлғалармен өзара қарым-қатынастары болмайды, егер ондай қарым-қатынастар Қоғамның және оның акционерлерінің беделіне, бизнесіне немесе заңды мүдделеріне қасақана тікелей немесе жанама залал келтіретін болса.

§ 9. Тәуелсід директорлардың сыйақылары және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өтемақы төлеу талаптары мен тәртібі

69. Қоғам тәуелсіз директорларға сыйақылар төлейді. Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне олардың Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төленбейді.

70. Тәуелсіз директорларға сыйақы Қоғамның акционерлері жиналысының шешімінде белгіленген мөлшерде төленеді. Тәуелсіз директорларға төленетін сыйақылардың және өтемақылардың талаптары, тәртібі Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға төленетін сыйақылардың және өтемақылардың тәртібін реттейтін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленеді.

§ 10. Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы

71. Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы - Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылмайтын, оған аталған функция жүктелген Қоғамның қызметкері.

72. Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы қамтамасыз етеді.

73. Қоғамның Директорлар кеңесі хатшысының негізгі міндеттері:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы қалыптастыруды, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің шынайы және нақты ақпараттарды Қоғамның Директорлар кеңесінің уақтылы алуын қамтамасыз ету;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына дайындықты жүргізу;

3) Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар дайындау кезінде әдістемелік және басқа қажетті көмекті көрсету;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы Ережеде белгіленген тәртіпте және мерзімде Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстары өтетіні туралы хабарлау;

5) Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын жүргізу, жасау және оларға қол қойдыру;

5.1. Директорлар кеңесінің бекітуіне ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес ішкі аудит қызметінің құжаттарын дайындау және оларды шығару жөніндегі мерзімдердің сақталуына бақылау жасау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, осы Ережеде, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған басқа функцияларды атқару.

74. Қоғамның Директорлар кеңесі хатшысының негізгі құқықтары:

1) Қоғамның лауазымды тұлғаларынан Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар дайындау үшін қажетті ақпараттар мен құжаттарды ұсынуды талап ету;

2) Қоғамның органдары немесе лауазымды тұлғалары тарапынан корпоративтік рәсімдерді бұзуға немесе оларды сақтамауға қатысты бұзушылықтар болғанда, тікелей Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына хабарлау.

§ 11. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстары

75. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстары ұтымдылық және тиімділік қағидаттарынан шыға отырып, қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

76. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізу бетпе-бет және сырттайғы нысандарда жүргізіледі. Сырттай дауыс беру Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатысып отырған мүшелерінің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) қолданылуы мүмкін.

77. Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының бетпе-бет нысаны Қоғам қызметінің негізгі мәселелері бойынша мәселелерді қарастыру және шешімдерді қабылдау кезінде барыншы тиімді, мақсатты болып табылады. Бетпе-бет нысан отырыстарға қатысу, сондай-ақ телефон арқылы не кез келген басқа байланыс құралын пайдалану арқылы бейнеконференц-байланыс, конференц-байланыс арқылы бірігіп жүзеге асырылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі бетпе-бет нысанда жүргізілетін отырыстарына телефон арқылы не барлық қатысушыларға бір-бірінің дауысын естіп, көруге мүмкіндік беретін кез келген басқа байланыс құралын пайдалану арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің қатысуы мүмкін. Мұндай тәсілмен қатысатын Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа жеке қатысқан болып саналады және Қоғамның Жарғысына сәйкес дауыс беруге құқығы бар және кворумды анықтау кезінде есепке алынады.

78. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғамның Басқармасының бастамасы бойынша, не:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамның ішкі аудит қызметі бөлімшесінің;

3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Қоғамның ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

79. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

80. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапта мыналар мазмұндалуы тиіс:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты қойған бастамашының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) не Қоғам органының немесе заңды тұлғаның атауы;

2) отырыстың күн тәртібі.

Шақыру туралы талапта бастамашының қалауы бойынша басқа ақпарат, оның ішінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдердің жобалары да мазмұндалуы мүмкін.

Талапқа мыналар бірге тіркелуі тиіс:

1) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;

2) сенімхат, хаттама немесе талапқа қол қойған тұлғаның өкілеттігін растайтын басқа құжаттар.

81. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы мына жағдайларды қоспағанда:

1) отырысты шақыру туралы талап Ережеге сай келмейді;

2) талапты қойған тұлғаның Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға құқығы жоқ;

3) егер Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының қарауына ұсынылып отырған шешімдер Қоғамның Директорлар кеңесінің құзіретіне жатпайтын болса, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тартуға құқылы емес.

82. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақыру туралы талапты 3 (үш) күн ішінде қарастыруға және отырысты шақыру туралы бастамашыға өзінің шешімін қабылдаған күннен бастап 2 (екі) күн ішінде қабылданған шешім туралы бастамашыға хабарлама жөнелтуге міндетті.

83. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты қанағаттандырған жағдайда, ол отырыстың нысанын белгілеуге және отырыстың ұсынылған күн тәртібін толықтыруға құқылы.

84. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартса, бастамашы аталған талаппен, Қоғамның Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

85. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғамның Басқармасы, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

86. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына Қоғамның Басқармасы немесе Директорлар кеңесінің мүшелері бастамашы болған мәселелер бойынша материалдарды Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мынадай тәртіпте әзірлейді:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселе бойынша материалдарды (аталған мәселе бойынша Басқарманың шешімінен үзінді көшірмені қоса алғанда – мәселе Басқармада алдын ала қарастырылған кезде) аталған мәселеге бастамашы болған Қоғамның құрылымдық бөлімшесі/ қызметкері Қоғамның Басқармасы төрағасының тапсырмасы бойынша дайындалады және Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысына беріледі;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы осы тармақтың 1)-тармақшасында қарастырылған материалдарды алған сәттен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын материалдардың толықтығын тексереді, түсіндірме жазба, бюллетеньдер және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы шешімдерінің/ хаттамаларының жобаларын, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы хабарламаның жобасын не талаптың жобасын дайындайды және оларды Қоғамның бөлімшесіне жетекшілік ететін ірі акционердің алдын ала қарауына жөнелтеді;

3) материалдарға түсіндірме жазбада Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша негізгі ақпарат мазмұндалуы тиіс;

4) ірі мәмілені жасасу және (немесе) оның жасалуында мүдделелік бар мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау жөнінде мәселе қарастырылған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәмілені орындау мезімдері және талаптары, оған тартылған тұлғалардың қатысу сипаты және көлемі туралы ақпараттан, бағалаушының есебінен (Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының тиісті нормасында қарастырылған жағдайда), сондай-ақ мәміленің басқа маңызды талаптарынан тұруы тиіс.

87. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша шақырған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапқа қол қояды, одан кейін барлық материалдарды Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы белгіленген тәртіпте Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының атына жөнелтеді. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы рұқсат белгісі негізінде Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды бірге тіркеп, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын жүргізу туралы жазбаша хабарламаны Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жөнелтеді.

88. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға Қоғамның Басқармасы бастамашы болған жағдайда, Қоғам Басқармасының төрағасы хабарламаға қол қояды, оны Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды бірге тіркеп, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жөнелтеді.

89. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы хабарлама/талап материалдар бірге тіркеліп, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты жүргізетін күнге дейінгі күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын, ал ерекше жағдайларда, оның ішінде, сақтандыру (қайта сақтандыру) мәмілелері бойынша отырысты жүргізер күнге дейінгі 2 (екі) жұмыс күні бұрын жөнелтіледі, егер Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына шығарылатын мәселелердің сипатына қарай басқа мерзім тағайындамаса.

90. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар электронды пошта арқылы жөнелтіледі. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы ұсыну жөніндегі жауапкершілік Қоғамның Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысына жүктеледі.

91. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізу өкілеттігі үшін кворумды анықтау Қоғамның Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысына, олардың міндетіне Қоғамның қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету кіретін құрылымдық бөлімшемен бірлесе отырып жүктеледі.

92. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына міндетті түрде тәуелсіз директорлар тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем емес санда қатысуы тиіс.

93. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

94. Қоғам Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда басқалай қарастырылмаса, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Қоғам Директорлар кеңесінің өзге мүшесіне беруге жол берілмейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің ол болмаған кезде Директорлар кеңесінің қандай-да бір отырысына қатысуы үшін өкіл тағайындауға құқығы жоқ.

Дауыстар саны тең болған кезде, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші дауыс болады.

95. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешіммен толықтай немесе ішінара келіспеген жағдайда, ол өзінің келіспейтіндігін дауысқа шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір түрінде мазмұндауға міндетті, оны Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы бетпе-бет нысанда жүргізілген Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында беркітеді. Қоғамның Директорлар кеңесі шешімді сырттан дауыс беру арқылы қабылдаған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі жазбаша нысанда мазмұндалуы және толтырылған бюллетеньге бірге тіркелуі тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы бетпе-бет нысанда жүргізілген кезде, өздерінің пікірлерін жазбаша түрде мазмұндаған Қоғамның Директорлар кеңесінің болмаған мүшелерінің жазбаша пікірлері есепке алынады, алайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына кворум белгілеу кезінде есепке алынбайды.

96. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

97. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстары демалыс және (немесе) мейрам күндері, кез келген уақытта, сондай-ақ Қазақстан Республикасының, сонымен қатар оның шекарасынан тыс аумақтағы кез келген тұрғылықты жерде (отырысты жүргізу орны) жүргізілуі мүмкін.

98. Қоғамның Жарғысында Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне жатқызылған кейбір мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудың ерекше тәртібі қарастырылуы мүмкін.

99. Қоғамның Директорлар кеңесінің бетпе-бет тәртіпте отырысында қабылданған шешімдері оны жүргізген күннен бастап 3 (үш) күн ішінде хаттама түрінде ресімделеді.

100. Қоғамның Директорлар кеңесінің хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, орны (мекенжайын қоса алғанда) және уақыты;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) отырысқа қатысатын тұлғалар туралы мәліметтер;
- 5) дауыс беруге қойылған сұрақтар және Қоғамның Директорлар кеңесі отырысындағы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері мазмұндалған, дауыс беруге қойылған мәселелер;
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірлері (болған кезде);
- 7) қабылданған шешімдер;
- 8) Қоғамның Директорлар кеңесінің қалауы бойынша басқа мәліметтер.

101. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасынан және мүшелерінен бюллетеньдерді қабылдау мерзімі аяқталатын күнге дейін алынған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің негізінде ресімделеді. Сырттай дауыс берілетін шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдердің Қоғамның Жарғысында белгіленген кворумы болған жағдайда, қабылданған деп танылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы, мүшесі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бюллетеньдерді/материалдарды алған кезде аталған мәселені Қоғамның Директорлар кеңесінің бетпе-бет тәртібінде қарастыруға шығаруды ұсынуға құқылы, ол үшін бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталар күніне дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысына тиісті жазбаша негіздемені жөнелтуі тиіс. Бұл жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу қажеттілігі туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы қабылдайды.

102. Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттайғы отырысының шешімі жазбаша түрде, бюллетеньдерді қабылдау аяқталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, ресімделуі тиіс және оған Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы қолдарын қою керек. Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде олардың негізінде аталған шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелері бірге тіркеліп, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жөнелтілуі тиіс.

103. Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің бетпе-бет және сырттайғы отырыстарының хаттамаларын/шешімдерін дұрыс жасау үшін жауапты болады.

104. Қоғамның Директорлар кеңесінің бетпе-бет және сырттайғы отырыстарының хаттамалары/шешімдері Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысында күнтізбелік бір ішінде сақталады, бір жылдан кейін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сай мұрағатқа тапсырылады. Қоғамның Директорлар кеңесінің бетпе-бет және сырттайғы отырыстарының хаттамаларына/шешімдеріне тиісті күнтізбелік жылға реттік нөмірлер беріледі.

Қоғамның Директорлар кеңесінің хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларының/шешімдерінің түпнұсқаларын танысу үшін беруге және (немесе) оған өзінің қолымен және Қоғамның мөрімен куәландырылған, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстары хаттамаларынан/шешімдерінен үзінді көшірмелер беруге міндетті.

§ 12. Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

105. Қоғамның жылдық есебін және біріктірілген қаржылық есептілігін ұсыну кезінде бір мезгілде, Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есепті, оның ішінде, олар бойынша шешімдер Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданатын мәселелер туралы толық ақпаратты ұсынуы тиіс.

106. Қоғамның Директорлар кеңесінің жыл сайын кезекті қаржылық жыл аяқталған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде өз жұмысын, оның комитеттерінің жұмысын және Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысын жан-жақты бағалауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесіне бағамды және тиісті ұсынымдарды Қоғамның Директорлар кеңесінің кадр және сыйақы мәселелері жөніндегі комитеті ұсынады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін жеке бағалау мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлес қосып жүргендігін, сондай-ақ оның өз функцияларын орындай беруге дайындығын (Қоғамның Директорлар кеңесінің және комитеттерінің отырыстарына қатысу міндетін, сондай-ақ кез келген басқа міндеттерін қоса алғанда) анықтау болып табылады.

107. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері тыңдалады.

§13. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері

108. Барынша маңызды мәселелерді қарастыру және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындау үшін мынадай комитеттер құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау мәселелері;
- 2) кадрлар және сыйақы мәселелері;
- 3) ішкі аудит мәселелері;
- 4) әлеуметтік мәселелер.

Директорлар кеңесінің комитеттері Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған басқа мәселелерді де қарастыруы мүмкін.

Осы тармақта аталып өткен мәселелерді қарастыру Қоғамның Директорлар кеңесінің кейбір комитеттері қарастыратын ішкі аудит мәселесін қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзіретіне жатқызылуы мүмкін.

109. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері нақты комитетте жұмыс жасау үшін қажетті кәсіби білімі бар Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінен және сарапшыларынан тұрады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің комитетін Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Қоғамның Директорлар кеңесінің осы Ереженің 108-тармағының бірінші бөлігінде қарастырылған комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болады.

Қоғам Басқармасының төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

PO-01	02 редакция	2019 жылғы 28 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	20 20
-------	-------------	-------------------------------------------------------	-------

110. Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру тәртібі және олардың жұмысы, сандық құрамы, сондай-ақ олардың Қоғамның Директорлар кеңесімен өзара әрекет ету рәсімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленетін, Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленеді.

§ 14. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

111. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелері осы Ережеде, Қоғамның Жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өздерінің міндеттерін орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

112. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелері Қоғамның және оның акционерлерінің алдында олардың әрекеттерімен (бейәрекеттерімен) келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте жауапты болады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

113. Осы Ережені, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту акционерлердің жалпы жиналысының құзіреті болып табылады.

114. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына немесе кодексіне енгізілген өзгерістер нәтижесінде осы Ереженің кейбір қағидалары оларға кереғар келетін болса, Ереженің аталған нормаларының күші жойылады және осы Ережеге тиісті өзгерістер күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және/немесе Қоғамның Жарғысын басшылыққа алу керек.

115. Осы Ережеде реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және/немесе Қоғамның Жарғысымен реттеледі.

116. Нормативтік сілтемелер:

1.	Құжаттың болуы туралы талап	жоқ
2.	Құжаттың мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талап	бар Қоғамның «Құжаттаманы және жазбаларды басқару» сапа процедурасы.
3.	Пайдаланылған нормативтік-құқықтық актілердің /стандарттардың / ІНҚ тізбесі	бар 1. Қазақстан Республикасының 13.05.2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы» № 415-ІІ Заңы. 2. Қазақстан Республикасының 18.12.2000 жылғы «Сақтандыру қызметі туралы» № 126-ІІ Заңы. 3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» № 198 қаулысы. 4. Қоғамның Жарғысы. 5. Қоғамның корпоративтік басқару кодексі.